

«Бірлігіміз жарасқан»

Мақсаты:

Балалардың бойында достық, бірлік, ынтымақтастық және өзара сыйластық құндылықтарын қалыптастыру, ұжымда татулықпен қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- бір-біріне қамқорлық көрсетуге және көмек бере білуге үйрету;
- ұжымда татулықты, достық қарым-қатынасты сақтауға тәрбиелеу;
- өзара сыйластық, мейірімділік және толеранттылық қасиеттерін дамыту;
- бірлескен ойындар мен шығармашылық жұмыстар арқылы ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыру;
- балалардың қарым-қатынас мәдениетін және коммуникативтік қабілеттерін дамыту.

Іс-шара барысында балалар достық, бірлік және татулық туралы әңгімелер тыңдап, мақал-мәтелдер айтып, тақпақтар оқиды. Музыкалық ойындар, әндер, билер және ұжымдық ойындар арқылы балалардың бір-біріне деген сенімі мен достық қарым-қатынасы нығайтылады. Сонымен қатар «Досыма көмектесемін», «Біз біргеміз» сияқты ойындар мен шығармашылық тапсырмалар ұйымдастырылып, балалардың бірлесіп әрекет ету дағдылары дамытылады. Іс-шара барысында еліміздегі ұлттар достығы мен қоғамдық келісімнің маңызы қарапайым тілде түсіндіріліп, бейбітшілік, бірлік және өзара құрмет құндылықтары дәріптеледі. Соңында балалардың белсенділігі қорытындыланып, достық пен татулықтың әр адамның өміріндегі маңызы туралы қорытынды жасалып, белсенді қатысушылар мадақталады.

